

Нәтижелер және оларды талқылау.

Ауыл шаруашылығында жасыл экономиканы дамыту – бұл тұрақты дамудың прогресін жақсарту қажеттілігі. Жасыл экономиканың инвестициялық шешімдерін қолдау үшін кейбір модельдер шешімдері осы тұрғыда қарастырылады. Ауыл шаруашылығының инвестициялық үрдісі мемлекеттік реттеудің басты бағыты арқылы несиелік, сонымен қатар инвестициялық ынталандыру қарастырылуы қажет.

Қаржылық ұйымдар дұрыс және сапалы жасыл қаржы жүйесін құруы қажет және оңтайлы инвестициялық ауқымда жасыл несие көлемін бақылауы тиіс. Және де инновациялық қаржы жүйесі арқылы жасыл салаларға көбірек әлеуметтік капиталды бағыттауға болады [4].

Бүгінде елімізде «жасыл» инвестицияларды батыстық компаниялардан инвестициялық банктерді қаржыландыру арқылы тарта алады. Ал, инвестициялық үрдісті басқарудың тиімді жолын жүргізе отырып, ауыл шаруашылығындағы инвестицияны басқаруды қалыптастыру арқылы несиелер мен салық беру, қаржылық қолдау немесе әр түрлі проблемаларды шешу арқылы отандық өндірушілердің бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіруге өз ықпалын тигізеді.

Агроөнеркәсіп кешенінде жасыл экономикаға көшу бұл инвестицияларды, кәсіпкерлікті және инновацияны ынталандыратын ортаны қолдайды. Орнықты және тұрақты инвестициялар жаңа инновациялық технологияларды дамытуға серпін береді. Кешенді инвестициялау негізінде агро өнімдердің сапасы мен көлемін арттыруға толық мүмкіндіктер бар. Басым инвестициялық жобаларды іске асыру аясында тауарлардың және көрсетілетін қызметтің экономикалық қолжетімділігін арттыру АӨК-ң дамытудың басты міндеттерінің бірі және инвестициялар тартуды ынталандыру арқылы ауыл шаруашылық өнімдерінің өндіріс көлемін ұлғайту болып табылады [5].

Сарапшылардың пікірінше, тұрақты экономикалық өсім үшін инвестиция өнімнің 20-25%-ын құрауы қажет. Осылайша, дамыған елдерде орташа жылдық капитал салымдары 16-22% және жалпы ішкі өнімнің өсу

қарқыны 2-3% болады. Сонымен қатар, отандық және шетелдік теңгерімділігін ұмытпауымыз қажет.

Өлемдік тәжірибеде көрсетілгендей, дамыған елдердегі шетел инвестицияларының үлесі 4,5% ұлттық экономиканың ортақ салымын қалыптастырады. Қазақстанда бұл көрсеткіш шетелдік инвестициялардың жалпылай ағыны 15,8 млрд. \$ құрады, ал бұл 2017 жылмен салыстырғанда 5,3% жоғары көрсеткіш. Агроөнеркәсіп кешенін инвестициялау негізінде аграрлық өнімнің сапасын және көлемін арттыруға толық мүмкіндік бар.

Қазіргі жағдайда аграрлық сектор өсіресе инвестицияға мұқтаж, бірақ әлі күнге дейін инвесторлар үшін тартымсыз. Осыған байланысты ауыл шаруашылығына инвестицияларды тарту тетігі маңызды және де инвестиция саласын бағалауға негізделген әдістерін дамыту қажет. Қазақстанда инвестициялық жобалардың капитал сыйымдылығын және ақтау мерзімдерін азайту үшін: агроөнеркәсіптік кешеннің басым бағыттарында жаңа өндірістік қуаттылықтар салуға немесе кеңейтуге бағытталған инвестициялық салымдар кезінде шығыстарды ішінара өтеу түріндегі мемлекеттік қолдаулар енгізілуде [6].

Инвестициялық субсидиялау есебінен тартылған инвестициялардың көлемі 2017 жылы жоспар бойынша 100 млрд. теңге болса, іс жүзінде 114,4 млрд. теңгеге жеткен. Ал, 2018 жылы бұл көрсеткіш 115,3 млрд. теңгеге жоспарланған болса, іс жүзінде 118,7 млрд. теңгені құрады.

Корреляциялық кестеден көріп отырғанымыздай ЖІӨ-мен "Жасыл экономикаға" бағытталған инвестициялар, мың теңге (x1), Тамақ өнімдерін өндірудегі негізгі капиталға салынған инвестициялар, мың теңге (x2), Ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар, мың теңге (x3), Ауылдық жерлердегі негізгі капиталға салынған инвестициялар, мың теңге (x4), Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған инвестициялар, мың теңге (x5) факторларының арасындағы байланысты корреляциялық-регрессиялық әдісін қолдана отырып, модель тұрғызылды (кесте).

Кесте - Корреляциялық матрица құру арқылы факторлардың арасындағы байланыс тығыздығы

	Y	X1	X2	X3	X4	X5
Y	1					
X1	-0,79	1,00				
X2	-0,96	0,84	1,00			
X3	-0,98	0,85	0,98	1,00		
X4	-0,97	0,74	0,90	0,96	1,00	
X5	-0,56	0,81	0,68	0,57	0,38	1

Ескерту: ҚР Статистикалық агенттігінің Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы туралы жедел ақпарат бөлімі [7]

Корреляциялық матрица құру арқылы факторлардың арасындағы байланыс тығыздығын анықтай аламыз. Корреляциялық кестеден көріп отырғанымыздай ЖІӨ-мен "Жасыл экономикаға" бағытталған инвестициялар, мың теңге (x1) факторларының арасында байланыс бар, корреляция коэффициенті -0,79-ға тең. ЖІӨ-мен Тамақ өнімдерін өндірудегі негізгі капиталға салынған инвестициялар, мың теңге (x2) факторларының арасында тығыз байланыс бар, себебі корреляция коэффициенті $r=-0,96$. ЖІӨ-мен ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға

салынған инвестициялар, мың теңге (x3) факторларының арасында тығыз байланыс бар себебі корреляция коэффициенті $r=-0,98$ тең. ЖІӨ-мен ауылдық жерлердегі негізгі капиталға салынған инвестициялар, мың теңге (x4) факторларының арасында байланыс бар, яғни корреляция коэффициенті 0,97 тең. ЖІӨ-мен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған инвестициялар, мың теңге (x5) факторларының арасындағы әлсіз байланыс бар, яғни корреляция коэффициенті $r=-0,56$ (1 сурет).



1 сурет – ҚР 2013-2017 жылдар аралығындағы "Жасыл экономикаға" бағытталған инвестициялар динамикасы, мың теңге [қараңыз 7]

Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бағдарламасы Қазақстанның барлық аумағында қоғамның қаржылай қолдауымен жалпы сомасы 236,7 млрд. теңгеге 435 жоба қолданысқа берілді, бұл ретте қоғамның қаржыландыру сомасы 172,9 млрд. теңгені құрады. Инвестициялар арқылы жылыжайлар салынып, жалпы қуаты жылына 42,8 мың тонна көкөніс өнімдерін шығаруда. Басым инвестициялық жобаларды іске асыру аясында тауарлардың және көрсетілетін қызметтің экономикалық қолжетімділігін арттыру АӨК-ң дамытудың басты міндеттерінің бірі және инвестициялар тартуды ынталандыру арқылы ауыл шаруашылық өнімдерінің өндіріс көлемін ұлғайту болып табылады.

Регрессиялық кесте құру арқылы факторлардың өзара байланыс тығыздығын анықтап, экономикалық талдау жүргізуге болады. ЖІӨ-мен "Жасыл экономикаға" бағытталған инвестициялар, мың теңге (x1) факторларының арасындағы корреляция коэффициенті $r=0,78$ тең. Детерминация коэффициенті $R=0,61$.

Модель адекватты, Фишер критерийі $F=4,88 > F_{кесте}=4,4$ регрессия теңдеуінің маңызды екенін дәлелдейді. Стьюдент критерийі $t_{x1}=2,3 > t_{кесте}=2,1$ коэффициенттер маңызды.

Алынған регрессиялық теңдеу арқылы келесі жылдарға болжам жасауға болады.

$$\text{Регрессия теңдеуі: } Y=219,84+1,77x1$$

Болжамның дәлдігін тексеріп, регрессия теңдеуі арқылы кесте тұрғызылды.


Агроөнеркәсіпті инвестициялау негізінде аграрлық өнімдердің сапасы мен көлемін арттыруға толық мүмкіндік алынады. 2018 жылы жалпы жасыл экономикаға бағытталған инвестициялар 2,5 есеге артқан, яғни 80,2 млрд. теңгені құрап екі жарым есеге өскен (2 сурет).

Инвестициялардың ең үлкен көлемі Ақмола, Атырау облыстарына бөлінген. Ұлттық экономикадағы «жасыл» технологиялардың бәсекеге қабілеттілігі белсенді түрде өсуде, ал 2050 жылға қарай «жасыл» экономика шеңберінде ЖІӨ 3%-ға артырылады [8].

Шетелдік инвесторлар тарапынан еліміздің жасыл жобаларына Испания, Герма-

ния мемлекеттерінен қызығушылықтарын танытуда. Олар жергілікті әзірлемелерге инвестиция бағыттауымен шектелмей, жаңа технологияларымен бөлісуді жоспарлайды.

Бұдан бөлек, «Агробизнес–2020» бағдарламасы аясында инвестициялардың ағынын агроөнеркәсіп кешенінің басым салаларында ұлғайту жұмыстары жүргізілуде.



2 сурет – ҚР "Жасыл экономикаға" бағытталған инвестициялар көлемінің болжам дәлдігі [қараңыз 7].

Агроөнеркәсіп саласын мемлекеттік реттеудің басым бағыттарының бірі аграрлық секторда инвестициялық қатынас болып табылады, оның әрқайсысы міндеттері мен мүдделері арқылы инвестициялық үрдіске енеді. Аграрлық секторды дамыту үшін инновациялық процестің бағытталуын ауыл шаруашылығының негізгі капиталына келесі инвестицияларды арттыру қажет:

- прогрестік ресурс үнемдеуші технологиялар;
- ауыл шаруашылық техникамен қамтамасыз ету, өнімділігі жоғары арнайы техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету;
- мемлекеттің ақша-кредиттік саясатын реттеу қажет, қайта қаржыландыру арналарының кеңейтілуі, пайыздық мөлшерлемелердің төмендетуі;
- даму банктерінде қолайлы экономикалық дамудың басым бағыттарының қалыптасуы, атап айтқанда мұндай банк аграрлық секторда құрылуы тиіс;
- кредиттік ресурстардың қолжетімділігін арттыру үшін ұлттық кепілдік беру жүйесін құру қажет [9].

Осылайша, агроөнеркәсіптік кешенде инвестициялық процесті ұлғайту үшін, бір жағынан өндірістің тиімділігін және қаржылық тұрақтылығын арттыру қажет. Екіншіден, агро-өнеркәсіптік нарықта бәсекелестік ортаны құру және мемлекеттің қаржылық саясатын шектеуден ынталандыруды өзгерту.

Тұжырымдар. 1. 2018 жылға болжам бойынша ҚР "Жасыл экономикаға" бағытталған инвестициялар көлемі жылдан-жылға артатын болса, онда ЖІӨ 159,66 млн теңгеге артады деп күтілуде. Инвестициялық белсенділікті арттыру үшін үкімет тарапынан экономиканың нақты кешенін қаржыландыру кезінде тәуекелді төмендету, шетел инвестициясын тартудың нормативті-құқықтық базасын жетілдіру жолдарын шешу мәселелері жоспарға алынуда.

2. Ішкі инвестиция бағытын қалыптастыру мен белсенділігін арттыру бірінші кезекте бола береді, яғни агроөнеркәсіп кешенінде ішкі инвестиция көзі өте маңызды. Яғни ол келесі міндеттерді шешеді: сырттан келетін шетелдік инвестицияны тиімді қолдану, инвестицияны басқарудағы мемлекет рөлін күшейту, шетел инвесторларының белсенділігін арттыру.

3. Мемлекеттік реттеудің тиімді шараларын пайдалану, ҚР АӨК бизнесін дамыту үшін қолайлы жүйелі жағдайларын жасау, қамтамасыз етуші инфрақұрылымды дамыту, секторға тартылатын орташа жылдық инвестицияларды екі есе арттыру, өнімділікті өсіру.

4. АӨК субъектілерін субсидиялау есебінен ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауы 2020 жылға дейін 4,5 есе арттыруды көздеу; АӨК субъектілерінің борыштық жүктемесін қаржылық сауықтыру шараларын қарастыру.

5. Инновациялық саясат Қазақстанның агро саласындағы стратегиялық және басым бағыттарының бірі болып табылады. Инновациялық процесті ұлғайту, ауыл шаруашылық өндірісінің техникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық базасын үнемі жаңартып отыруға мүмкіндік беретін инновацияларды дамыту маңызды факторы болып табылады [10].

Әдебиеттер тізімі

1 Жақсыбаев Қ.Р. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің инвестициялық қызметі // Аграрлық нарық проблемалары. – 2018. – № 2. – Б. 50-57.

2 Дабылтаева Н.Е., Рахымжан Ф.Р. «Жасыл» экономика және Қазақстанның агроөнеркәсіптік өндірісінің тұрақты дамуы // Аграрлық нарық проблемалары. – 2018. – № 3. – Б. 72-79.

3 Маханова Ж.М. Механизм привлечения инвестиций в экономику и направления государственного регулирования // Вестник КазНУ. Серия экономическая. - 2015.-Т. 92.-№4.-С.82-85.

4 Касьяненко Т.Г. Экономическая оценка инвестиций: учебник и практикум .-М.: Юрайт, 2016. – С. 35-38.

5 Сүндетұлы Ж.С., Исмаилова А.С., Нөкешова А.Ж. Қазақстан Республикасы аграрлы секторын дамыту басымдықтары // Аграрлық нарық проблемалары. - 2016.- №2. - Б. 16-21.

6 Маслова В. Инвестиции в АПК в условиях импортозамещения // АПК: экономика, управление. – 2014. - №12. – С. 41-47.

7 Статистический бюллетень «Об инвестициях в основной капитал в Республике Казахстан [Электронный ресурс].- 2014.-URL: http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersInvestment (дата обращения: 25.03.2019).

8 Минасов М. Стратегия устойчивого развития агропромышленного комплекса // АПК: экономика, управление. – 2009. -№9.– С. 3-5.

9 Сулейменов Ж.Ж., Управление аграрным сектором Казахстана в условиях рыночной экономики. – Алматы: Бастау, 2011. – С.22-26.

10 Singh A. Sustainable Green Supply Chain Management: Trends and Current Practices, 2018.- PP. 30-32.

Әдебиеттер тізімі

1 Zhakysbaev Q.R. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің инвестициялық қызметі // Аграрлық нарық проблемалары. – 2018. – № 2. – Б. 50-57.

2 Dabyлтаева N.E., Rahymzhan F.R. «Zhasyl» jekonomika zhәне Қазақстанның агроөнеркәсіптік өндірісінің тұрақты дамуы // Аграрлық нарық проблемалары. – 2018. – № 3. – Б. 72-79.

3 Mahanova Zh.M., Mehanizm privilechenija investicij v jekonomiku i napravlenija gosudarstvennogo regulirovanija // Vestnik KazNU. Serija jekonomicheskaja. - 2015.-Т. 92.-№4.-S.82-85.

4 Kas'janenko T.G. Jekonomicheskaja ocenka investicij: uchebnik i praktikum .-M.: Jurajt, 2016. – С. 35-38.

5 Syndetuly Zh.S., Ismailova A.S., Nekeshova A.Zh. Қазақстан Respublikasy agrarly sektoryn damytu basymdyqtary // Аграрлық нарық проблемалары. - 2016.- №2. - Б. 16-21.

6 Maslova V. Investicii v APK v uslovijah importozameshhenija // APK: jekonomika, upravlenie. – 2014. - №12. – С. 41-47.

7 Statisticheskij bjulleten' «Ob investicijah v osnovnoj kapital v Respublike Kazahstan [Jelektronnyj resurs].- 2014.-URL: http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersInvestment (data obrashhenija: 25.03.2019).

8 Minasov M. Strategija ustojchivogo razvitija agropromyshlennogo kompleksa // APK: jekonomika, upravlenie. – 2009. -№9. – С. 3-5.

9 Sulejmenov Zh.Zh., Upravlenie agrarnym sektorom Kazahstana v uslovijah rynochnoj jekonomiki. – Almaty: Bastau, 2011. – С.22-26.

10 Singh A. Sustainable Green Supply Chain Management: Trends and Current Practices, 2018.- PP. 30-32.